2.3. Серіктестік өз қызметінде мақсатына жету үшін, Заңнамамен және Серіктестіктің Жарғысымен орнатылған тәртіпте өз атынан келісім шартқа отыруға, мүлдіктік және жеке мүлдіксіз құқықтарға ие болуға, міндеттерді алып жүруге, сотта талап қоюшы және жауапкер болуға құқығы бар.

2.4. Серіктестік Қазақстан Республикасы аумағында және шетелде филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге де заңды тұлғаларға қатысушы болуға құқығы бар.

2.5. Мемлекет серіктестіктің борыштары бойынша жауап бермейді. Серіктестік қолданылып жүрген заңдарда көзделгеннен басқа жағдайларда, өзінің қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2.6. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлдікпен жауап береді. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Серіктестіктің қызметіне байланысты шығындар бойынша өздері енгізген салымдар құнының шегінде тәуекелге барады.

3. Серіктестіктің жалғыз қатысушысының құқықтары мен міндеттері

3.1. Серіктестікке жалғыз қатысушының құқықтары:

3.1.1. осы жарғыда белгіленген тәртіппен серіктестіктің ісітерін басқаруға қатысуға;

3.1.2. Осы Жарғы тәртібімен қарастырылған Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты алуға, оның есеп және өзге де құжаттамасымен танысуға;

3.1.3. Серіктестіктің қызметінен табыс алуға, Заңнамаларға, құрылтай құжаттарына және жалғыз қатысушысының шешімдеріне сәйкес таза табысты алуға;

3.1.4. Қазақстан Республикасы күшіндегі заңдарында көрсетілгендей көзделген тәртіппен өз үлесін бөліп алу арқылы серіктестікке қатысуын тоқтатуға;

3.1.5. Серіктестік таратылған жағдайда несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүлдік бөлігінің құнын немесе Серіктестіктің жалғыз қатысушысының шешімімен табиғи болмысымен осы мүлдіктің бөлігін алуға;

3.1.6. Қазақстан Республикасы күшіндегі заңдарында көрсетілгендей және (немесе) серіктестіктің жарғысында көзделген олардың құқықтарын бұзған серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға құқылы;

3.2. Серіктестіктікке **жалғыз қатысушысының міндеттері:**

3.2.1. Құрылтай шартының талаптарын сақтау;

3.2.2. құрылтай құжаттарында қарастырылған тәртіпте, мөлшерде және мерзімінде Серіктестіктің жарғылық капиталына салым салуға;

3.2.3. Серіктестікпен жарияланған коммерциялық құпия мәліметтерді жария етпеуге;

3.2.4. Серіктестіктің атауы, орналасқан жері, мекен-жайы, банк деректемелері (егер құрылтайшысы заңды тұлға болып табылса) немесе аты-жөні, тұрғылықты орны және тұлғаны куәландыратын құжаттың мәліметтері (егер **жалғыз қатысушысының** жеке тұлға болып табылса) өзгергені туралы атқарушы органға хабарлауға.

3.3. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке **жалғыз қатысушысының** Қазақстан Республикасы күшіндегі заңдарында көрсетілгендей және (немесе) серіктестіктің жарғысында көзделген басқа да құқықтары мен міндеттері болуы мүмкін.

4. Серіктестіктің мақсаты мен қызметінің түрлері

4.1. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты пайда табу болып табылады.

4.2. Өзінің мақсатына жету үшін серіктестік негізгі келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

4.2.1. 41201 Тұрғын ғимараттарының құрылысы;

4.2.2. Қазақстан Республикасы заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет;

4.3. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және құрылтай шартымен тыйым салынбаған қызметтің кез келген түрін жүзеге асыра алады.

5. Серіктестіктің мүлкі, Серіктестіктің жарғылық капиталы

5.1. Серіктестіктің мүлкін негізгі қорлар және айналым қаражаты, сондай-ақ, құны Серіктестіктің дербес теңгерімінде көрсетілетін өзге мүліктер құрайды.

5.2. Серіктестіктің жарғылық капиталы **100 000 000 (жүз миллион)** теңгені құрайды.

5.3. Серіктестіктің жарғылық капиталында салым ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жерді пайдалану құқығы және зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқық және өзге де мүлік болуы мүмкін.

Жеке мүліктік емес құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде салым енгізуге жол берілмейді.

5.4. **жалғыз қатысушы** жарғылық капиталдың салымы негіз ретінде немесе мүліктік құқық ретінде енгізілген болса, барлық құрылтайшылардың келісімімен немесе **жалғыз қатысушының** шешімімен, ақшалай бағаланады, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте тәуелсіз бағалау компаниясы тартылады.

5.5. Серіктестіктің жарғылық капиталы, серіктестіктің қызметінен түскен пайданың есебінен, ал қажет болғанда қатысушы қосымша жарналарының есебінен толықтырылуы мүмкін.

5.6. Мүлік Серіктестікке меншік құқығында тиесілі болады.

5.7. Серіктестіктің жарғылық капиталын кәсіпорынды мемлекеттік тіркеуден өткізген сәтте, **жалғыз қатысушымые** төленеді.

5.8. Серіктестіктің мүлкі **жалғыз қатысушысының** жарғылық капиталға салған бастапқы жарнасынан, қосымша жарналардың, сондай-ақ заем қаражаттарынан және серіктестік белгіленген тәртіппен сатып алған немесе алған мүліктен құралады.

5.9. Серіктестіктің **жалғыз қатысушысының** шешімі бойынша Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгертілуі мүмкін.

5.9.1. Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту Серіктестікке **жалғыз қатысушысының** өндіретін қосымша барабар салымдар; Серіктестіктің меншікті капиталының есебінен жарғылық капиталдың мөлшерін ұлғайту, оның ішінде оның қорлық капиталы есебінен (бар болса) **жалғыз қатысушының шешімімен** салымдар енгізуі; жаңа қатысушыларды Серіктестіктің құрамына қабылдау жолымен жүзеге асырылады **жалғыз қатысушының** шешімі болған жағдайда.

5.9.2. Серіктестіктің жарғылық капиталының азайтылуы Серіктестіктің **жалғыз қатысушының** салымдары мөлшерін барабар мөлшерде кеміту не толық немесе ішінара өтеу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

5.9.3. Серіктестіктің жарғылық капиталының азайтылуы тек барлық несие берушілерге Заңнамамен белгіленген тәртіпте хабарлама бергеннен кейін ғана болады.

5.10. **жалғыз қатысушының** шешімі бойынша Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізе алады, ол жарғылық капиталдың және Серіктестікке **жалғыз қатысушының** үлестерінің мөлшерін өзгертпейді.

6. Серіктестіктің жоғарғы органы жалғыз қатысушының шешімі болып табылады.

6.1. **Серіктестіктің жоғарғы органы - жалғыз қатысушының шешімі** болып табылады.

6.2. Серіктестікті басқару **жалғыз қатысушының шешімімен** жүзеге асырылады.

6.3. Серіктестікке **жалғыз қатысушының шешімі** айрықша құзыреттеріне мыналар жатады:

6.3.1. Серіктестіктің Жарғысын өзгерту, соның ішінде оның жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгерту, немесе Серіктестік Жарғысын жаңа мәтінде бекіту;

6.3.2. Серіктестік атқарушы органын сайлау және оның өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгер басқармаға тапсыру туралы шешім қабылдау және осылайша тапсырудың шарттарын анықтау;

6.3.3. Серіктестіктің Байқаушы кеңесін және/немесе Тексеру комиссиясын (тексерушіні) құру және Байқаушы кеңестің және/немесе Тексеруші комиссияның сандық құрамын анықтау;

6.3.4. Серіктестіктің Байқаушы кеңесін және/немесе Тексеру комиссиясын (тексерушіні) сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестіктің Тексеру комиссиясының (тексерушісінің) есептері мен қорытындыларын бекіту;

6.3.5. Директордың лауазымдық еңбекақы мөлшерін белгілеу, Серіктестік Директорына жеке үстемақы мен сыйақы төлеу, материалдық көмек көрсету және әлеуметтік төлемдер жасау туралы шешімдер қабылдау;

6.3.6. Серіктестіктің жылдық қаржылық есеп беруін бекіту және таза табысты бөлу;

6.3.7. Серіктестік қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік көтермелеу сұрақтарын реттейтін Серіктестіктің ішкі құжаттарын бекіту, сонымен қатар Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің және Тексеру комиссияның (тексеруші) жұмысы туралы ережесін бекіту;

6.3.8. Серіктестікпен басқа шаруашылық серіктестіктерге және коммерциялық емес ұйымдарға қатысу туралы, сонымен қатар Серіктестікке тиесілі жарғылық капиталдағы (мүліктегі) үлесін шығарып алу туралы шешім қабылдау;

6.3.9. Серіктестікке тиесілі заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы акцияларын (жарғылық капиталында қатысу үлесі) ұлғайту және/немесе азайту сұрақтары бойынша шешімдер қабылдау (қатысушы/акционердің) ұстаным құру.

6.3.10. Серіктестіктің банкротерден, қаржы ұйымдарынан және басқа үшінші жақтардан несие алу туралы және **жалғыз қатысушыдан** қаржылық көмек алу туралы шешім қабылдау;

6.3.11. Тарату комиссиясын тағайындау және тарату теңгерімін бекіту;

6.3.12. Серіктестіктің **жалғыз қатысушының** үлесін еріксіз сатып алу туралы шешім;

6.3.13. Серіктестіктің мүліктерінің кепілдігі туралы шешім;

6.3.14. Қазақстан Республикасы күшіндегі заңдарында көрсетілгендей серіктестік мүлкіне қосымша жарналарын енгізу шешім шығару;

6.3.15. Серіктестіктің **жалғыз қатысушысына** және үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы мәліметті ұсыну тәртібін және мерзімін бекіту;

6.3.16. Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олардың ережелерін бекіту;

6.3.17. Серіктестіктің сыртқы аудиторын тандау.

6.4. **жалғыз қатысушының шешімі** 6.3-тармақта көрсетілген барлық мәселелер бойынша шешім қабылдайды, бірауыздан қабылданады.

6.5. Осы Заңмен **жалғыз қатысушының шешімі** ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелермен қатар жауапкершілігі шектеулі серіктестік жарғысымен оның құзыретінен басқа да мәселелердің жатқызылуы мүмкін.

Егер серіктестік жарғысында басқаша белгіленбесе, жалпы жиналыс өзінің айырықша құзыретіне жатпайтын өкілеттіктерді серіктестіктің атқарушы органына немесе бақылау кеңесіне беруге құқылы.

6.6. **жалғыз қатысушының шешімі** айрықша құзыретке жататын мәселелер Серіктестіктің басқа органдарына шешу үшін берілмейді.

6.7. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке **жалғыз қатысушының шешімі** өзінің құзыреті серіктестік жарғысында қалай белгіленгеніне қарамастан, серіктестік қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға алуға құқылы.

6.8. **жалғыз қатысушының шешімі**, егер серіктестіктің жарғысында өзгеше айқындалмаса, серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің өзге де органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

Серіктестіктің Жарғысымен немесе оның ішкі қызметін реттейтін құжаттармен қарастырылған ережелерді бұзып қабылданған Директордың және/немесе Байқаушы кеңестің және/немесе Тексеру комиссиясының (тексерушінің) кез келген шешімі, Заңнамаға және Серіктестік **жалғыз қатысушының** құқықтарына қайшы келетін Директордың Байқаушы кеңестің, Тексеру комиссиясын (тексерушінің) шешімдері Серіктестік **жалғыз қатысушының** арызы бойынша сотпен толық немесе ішінара жарамсыз деп танылуы мүмкін.

7. Серіктестіктің атқарушы органы

7.1. **Атқарушы орган** болып **Директор** саналады, яғни **жалғыз қатысушының шешімі** есеп беруші және оның шешімінің орындауын ұйымдастырушы. **жалғыз қатысушымен** Директор тағайындауда еңбек қатынасы еңбек заңдарына сәйкес реттеледі.

7.2. Директор **жалғыз қатысушының** шешімімен 5 (бес) жылдан астам емес мерзімге дейін сайланады.

7.3. Директор **жалғыз қатысушының** Байқаушы кеңесінің және Тексеру комиссиясының (тексерушіге) ерекше құзыретіне жататын сұрақтардан басқа барлық сұрақтар бойынша құзырлы, соның ішінде:

7.3.1. ағымдағы және болашақтағы жұмыс бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

7.3.2. **жалғыз қатысушының шешімі** және Байқаушы Кеңесінің шешімдерін дайындау және орындалуын ұйымдастыру және оған орындалғыны туралы есеп беру

7.3.3. Серіктестіктің ақшалай қаражатын есепке ала отырып, **жалғыз қатысушының шешімімен** берген шекте оның мүлкіне билік жүргізеді;

7.3.4. сенімхатсыз Серіктестік атынан қызмет етеді;

7.3.5. Сенімхатсыз серіктестік атынан шарттар /мәміле/келісімдер жасау және оның орындалуын қамтамасыз ету, қаржылық және басқа да құжаттарға қол қояды, **жалғыз қатысушының шешімі** бекітілген, Осы Жарғы мен еңбек шартымен және басқа да құжаттармен қарастырылған шектеулерді ескере отырып, Серіктестіктің қызметін қамтамасыз етумен байланысты басқа өкілеттіктерді жүзеге асырады;

7.3.6. Есепшілік есепті ұйымдастырады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Серіктестік қызметі туралы қаржы және статистикалық есеп жасауды және уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

7.3.7. Серіктестік қызметкерлері арасында міндеттерді және Серіктестіктің қызметкерлері арасында өкілеттілік пен жауапкершілік аумағын бөледі, соның ішінде серіктестік қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

7.3.8. Серіктестіктің барынша тиімді қызмет жасауын қамтамасыз етеді;

7.3.9. Жоспарлауды, еспеке алуды, Серіктестіктің **жалғыз қатысушысына**, сондай-ақ Байқаушы Кеңеске және/немесе Тексеру комиссиясына (тексерушіге) Серіктестіктің қызметі туралы есеп беруді құруды және уақытылы ұсынуды жүзеге асырады;

7.3.10. Серіктестіктің банктік және тағы басқа шоттарын ашады;

7.3.11. Серіктестік қызметкерлеріне міндетті бұйрықтар шығарады (өкімдер) олармен еңбек шарттарын жасасады;

7.3.12. Серіктестіктің қызметкерлеріне қатысы оларды қызметке тағайындау туралы, оларды басқа қызметке ауыстыру және босату туралы бұйрықтарды шығарады, сыйақы беру мәселелерін шешеді, марапаттау және тәртіптік айыппұл салу шараларын қабылдайды;

7.3.13. Серіктестікке жұмысшыларды жұмысқа алу және жұмыстан шығару құқықтарын жүзеге асырады;

7.3.14. Серіктестік қызығушылықтарын ұсыну құқығына Сенімхат беру, сонымен қатар аса сенімділік шартымен;

7.3.15. Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес, лауазымдық еңбек ақы мөлшерін және жеке үстеме беру көлемдерін белгілейді, Директордан басқа Серіктестік қызметкерлеріне қатысты сый ақы беру сұрақтарын шешеді;

7.3.16. **жалғыз қатысушының шешімі** берілген және жарғымен бекітілген құзіретті шегінде Серіктестік қызметінің сұрақтары бойынша барлық жеке және заңды тұлғалармен, жеке мүлік нысанынан және мемлекетке тиесіліден тәуелсіз, сонымен қатар мемлекеттік және құқық қорғау, сот органдарымен қарым-қатынастарда Серіктестік атынан әрекет етеді

7.3.17. Өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін атқаруды Серіктестіктің жұмыскерлерінің біріне жүктейді.

7.3.18. Өз құзіретті шегінде басқа да функцияларды орындау.

7.4. Қазақстан Республикасы заңнамасымен орнатылған тәртіпте Директордың өкілеттігі Серіктестіктің **жалғыз қатысушының шешімі** негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

7.5. Директорға тыйым салынады:

7.5.1. **жалғыз қатысушының шешімі**нсіз Серіктестікпен мүліктік пайда алуға бағытталған мәмілелер (сыйлау шарттары, қарыз беру, шексіз пайдалану, сатып-алу және т.б. шарттарымен қоса) жасауға;

7.5.2. Серіктестікпен үшінші тұлғалармен жасалған мәмілелерге үшінші тұлғалардан және Серіктестіктің өзінен комиссиялық сыйақылар алуға;

7.5.3. Үшінші тұлғалар атынан және олардың Серіктестікпен қарым-қатынастарында мүдделерін қорғау бойынша сөз сөйлеуге;

7.5.4. Серіктестіктің қызметімен бәсекелесетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

7.5.5. Осы тармақтың 8.5.1.-8.5.3. тармақшаларымен көзделген шектеулер Директордың зайыбына да, барлық тікелей кейінгі және ата-тегі тамыры бойынша туыстарына да, сондай-ақ туған аға-інілері мен апа-сіңлілеріне де қолданылады.

7.6. Директор Серіктестіктің **жалғыз қатысушысының** талабы бойынша, онымен Серіктестікке келтірілген шығындарды өтеу бойынша жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

8. Серіктестіктің Байқаушы кеңесі, Тексеруші комиссиясы (тексерушісі)

8.1. Серіктестіктің атқарушы органының қызметін қадағалау үшін **жалғыз қатысушының шешімі** Серіктестікте Байқаушы кеңес құру туралы шешім қабылдауы мүмкін. Байқаушы кеңестің құрамы, өкілдігі, қызметі, айрықша құзырет құрайтын мәселелер шеңбері, сонымен қатар оның жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Серіктестіктің **жалғыз қатысушының шешімі**мен анықталады.

8.2. Серіктестіктің атқарушы органның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды Тексеру комиссиясы (тексеруші) жүзеге асырады. Тексеру комиссиясымен (тексерушімен) құру туралы шешім қабылдау кезінде, **жалғыз қатысушы** оны құру туралы шешім қабылдану керек, және ол бес мүшеден көп емес, 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге **жалғыз қатысушы** бірдауысты шешімімен сайлану керек.

8.3. Есептің дәлділігіне баға беру функциясы, серіктестік қызметінің заңға, жарғыға контрактілерге және келісімдерге сәкес келуін тексеруді жүзеге асыру **жалғыз қатысушының шешімі**мен тағайындалған тексеру комиссиясына жүктеледі.

8.4. Тексеру комиссиясының құрамына заң актілермен аудиторлық қызметпен шұғылдануға құқығы бар тұлғалар, бухгалтерлік есеп және қаржы облысындағы тәуелсіз эксперттер және басқа адамдар кіреді.

Серіктестіктің орындау ұйымының мүшелері тексеру комиссиясы мүшелері бола алмайды.

8.5. Тексеру комиссиясы (тексеруші) кез келген уақытта Серіктестіктің атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы. Тексеру комиссиясының (тексеруші) Серіктестіктің барлық құжаттамаларын ешқандай кедергісіз көру құқығы бар. Тексеру комиссиясының (тексерушінің) талап етуі бойынша атқарушы орган, сонымен бірге Серіктестіктің жұмыскерлері ауызша немесе жазбаша түрде қажетті түсіндірмелерді беруге міндетті.

8.6. Тексеру комиссиясы (тексеруші) Серіктестікке **жалғыз қатысушының шешімі** бекіткенге дейін Серіктестіктің жылдық қаржылық есептемесіне міндетті түрде тексеру жүргізеді.

8.7. Тексеру комиссиясы (тексеруші) өзінің қызметін **жалғыз қатысушының шешімі** бекітілетін Жарғының және Тексеру комиссиясының (тексеруші) Ережесі негізінде жүзеге асырады.

8.8. Тексеру комиссия (тексеруші) **жалғыз қатысушының шешімі** тексеру қорытындыларын, оның ішінде Серіктестіктің маңызды мүдделеріне қатердің пайда болуын немесе Серіктестіктің лауазымды тұлғаларымен асыра пайдалану анықталғанын жеткізеді.

8.9. **жалғыз қатысушы**, Тексеру комиссия (тексеруші), Байқаушы кеңес немесе аудитор талабы бойынша, Серіктестіктің атқарушы органы Серіктестіктің кез келген есептік, қаржылық, шаруашылық және ұйымдастыру-бөлу құжаттарына тез арада қол жеткізуге мүмкіндік беруді қамтамасыз етуге тиіс.

9. Қаржылық есептеме және есеп құжаттары, Серіктестік аудиты

9.1. Серіктестік өз қызметінің нәтижелеріне бухгалтерлік есеп жүргізеді, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген ережелерге сәйкес статистикалық және қаржылық есептілікті жүргізеді.

Серіктестікке Қазақстан Республикасының күшіндегі заңдарына сәйкес, есеп жүргізу мен есеп беруде сенімділікті сақтамағаны үшін жауапкершілік жүктеледі.

9.2. Есепшілік есепті жүргізу және қаржылық есептемені құру есепшілік есеп және қаржылық есептеме туралы Заңнамамен және Серіктестіктің Есептік саясатына сәйкес жүргізіледі.

9.3. Серіктестіктің жылдық қаржылық есептемелерінің дұрыстығын, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйін тексеру үшін Серіктестік жыл сайын Серіктестікпен мүліктік мүдделерімен, атқарушы органымен, Байқау Кеңесінің және/немесе Тексеру комиссиясының (тексеруші) мүшелерімен немесе Серіктестіктің **жалғыз қатысушысымен** (сыртқы аудит) байланысы жоқ кәсіптік аудиторды тартуы мүмкін.

9.4. Серіктестіктің қаржылық есебінің аудиті Серіктестік жалғыз қатысушысының бастамасы бойынша жүргізілуі мүмкін.

Аудиторды таңдау Серіктестіктің **жалғыз қатысушының шешімімен** жүргізіледі.

9.5. Сыртқы аудитордың қызмет атқаруының төлемақысы егер **жалғыз қатысушының шешімімен** өзгеше көзделмесе, Серіктестіктің есебінен төленеді.

10. Серіктестіктің таза табысын бөлу тәртібі

10.1. Серіктестіктің таза табысы материалдық және оларға теңестірілген шығындарды, еңбекақы төлеуге және төлеуге арналған шығыстарды, салықтар мен өзге де төлемдерді өтегеннен кейін жарғылық қызметтен түскен түсімнен қалыптастырылады.

10.2. Серіктестіктің өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі Серіктестіктің жалғыз құрылтайшысының Шешімімен қатысушылардың жалпы жиналысының хаттамасымен жыл сайын айқындалады.

10.3. Серіктестіктің таза табысы салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін Серіктестіктің иелігінде қалады және Серіктестіктің жалғыз құрылтайшысының Шешімімен қатысушылардың жалпы жиналысының хаттамасымен, оның ішінде дивидендтер төлеуге айқындалған тәртіппен бөлінеді. Қалған бөлігі Серіктестікті дамытуға немесе қатысушылардың жалпы жиналысының хаттамасында көзделген өзге де мақсаттарға жіберіледі.

10.4. Серіктестіктің жарғысына сәйкес таза табысты бөлуге байланысты барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес серіктестіктің жалғыз құрылтайшысының шешімімен серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының хаттамасымен қаралады және қабылданады.

11. Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты Серіктестіктің жалғыз қатысушысы және үлес сатып алушыларына ұсыну тәртібі және мерзімі

11.1. Серіктестіктің **жалғыз қатысушысына** және үлестерді сатып алушыларына серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты алу үшін серіктестіктің орындау ұйымына жазбаша өтініш жасауға міндетті.

Өтініште қандай тілеген ақпаратты немесе құжаттарды алуға, қай мекен-жайға жауапты жөнелту қажет екенін нақты көрсету керек.

11.2. Серіктестігінің қызметі туралы, оның жалғыз қатысушының мүдделерін қозғайтын ақпаратты беру Қазақстан Республикасы күшіндегі заңдарына және серіктестіктің жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

11.3. Үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты беру серіктестіктің жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Ақпаратты беру тәртібі мен көлемі жарғыда және үлестерді сатып алу туралы алдын ала жасалған шартта белгіленеді.

11.4. Серіктестіктің жалғыз қатысушысының талабы бойынша өзінің мүдделеріне қатысты Серіктестік қызметі туралы ақпаратты беруге міндетті:

11.4.1. Серіктестіктің **жалғыз қатысушының шешімімен**, Байқаушы кеңесімен, Тексеруші комиссиямен (тексерушімен), атқарушы органмен қабылданған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

11.4.2. Серіктестікпен жасалған мәмлелер немесе аралары байланысты мәмлелердің жиынтығы, нәтижесінде Серіктестіктің меншікті капиталынан жиырма бес және одан артық пайыз шамасында тұратын мүлікті алуы немесе айырылуы;

11.4.3. Серіктестікпен өз меншігі капиталы көлемінен жиырма бес және одан артық пайыз көлемінде тұратын қарыз алу;

11.4.4. Серіктестікпен қандай да болмасын қызмет түрлерін жүзеге асыру және (немесе) белгілі іс-әрекет жасау үшін лицензияны алу, ол іс-әрекеттерді тоқтату немесе жою, сондай-ақ Серіктестіктің қандай да болмасын қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін және (немесе) белгілі іс-әрекет жасау үшін бұрын алған лицензиядан айыру;

11.4.5. Серіктестік мүлкіне тыйым салу;

11.4.6. Төтенше мінездеме алатын, осының нәтижесінде, оның теңгерімдік құны Серіктестік активінің жалпы көлемінен он немесе одан артық пайыздан құралған Серіктестіктің мүлкі жойылу жағдайының туындауы;

11.4.7. Серіктестікті және (немесе) оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

11.4.8. Серіктестікті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру жөнінде шешім;

11.4.9. Аудиторлық есеп (болған жағдайда);

11.4.10. Сотта корпоративті талас жөнінде іс қозғау туралы ақпарат;

11.4.11. Серіктестіктің **жалғыз қатысушысының шешімі** туралы ақпарат: Серіктестіктің ұсынылған көзқарасы және заңды тұлғаның **жалғыз қатысушының қабылданған шешімдері**, яғни Серіктестік осы заңды тұлғаның дауыс беру акцияларының оннан астам пайыздарын иеленсе;

11.4.12. Серіктестіктің **жалғыз қатысушының мүддесіне қатысты басқаша ақпарат**;

11.5. Орындау ұйымы он бес күннің ішінде өтініш алған уақытынан қызмет туралы ақпарат беру туралы жазбаша жауап беруге немесе сұралынған құжаттардың көшірмесін беруге міндетті.

11.6. Серіктестіктің қызметі туралы, оның **жалғыз қатысушының мүдделерін қозғайтын ақпаратты беру** Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады

11.7. Корпоративтік талас бойынша істерді сотта жүргізу туралы ақпаратты Серіктестіктің жалғыз қатысушысына Серіктестікпен тиісті сот хабарламасын алғаннан соң немесе корпоративті іс бойынша азаматтық іс қозғау туралы шақырудан бастап жеті күннен кем емес мерзімде ұсынылуы қажет.

11.8. Үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпараттар көлемін ұсыну тәртібі **жалғыз қатысушының шешімімен** және үлестерді сатып алу туралы алдын ала шартпен белгіленеді.

12. Серіктестіктің қызметін тоқтату.

12.1. Серіктестіктің қызметін тоқтату қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен жүргізіледі.

12.2. Серіктестіктің қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) заңдарда көзделген тәртіппен, **жалғыз қатысушының шешімі** бойынша жүргізіледі.

12.3. Серіктестік таратуға жатады:

- **жалғыз қатысушының шешімі** бойынша;
- белгіленген тәртіпте серіктестік банкрот деп жарияланса;
- егер жарғылық капиталдың мөлшері, заңда белгіленген минималды мөлшерден төмендеп кетсе таратуға жатады.

12.4. Серіктестікті таратуды жалғыз қатысушының шешімі немесе сот тағайындайтын тарату комиссиясы жүргізеді. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған серіктестік ісін басқару жөніндегі өкілеттіктер өтеді.

12.5. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы қайтыс болған жағдайда немесе өлді деп жарияланған жағдайда оның серіктестік мүлкіндегі үлесі жарғылық капиталға енгізген салымы бөлігінде мұрагеріне өтеді.

12.6. Мүлік өткізуден түскен, сондай-ақ бюджетпен есеп айырысқаннан, серіктестік қызметкерлерінің еңбек ақысымен және борышкерлермен есептескеннен кейін қалған серіктестіктің ақша қаражатын тарату комиссиясы серіктестіктің жалғыз қатысушысына беріледі.

Тарату комиссиясы азаматтық заңдарға сәйкес серіктестікке, оның қатысушыларына, сондай-ақ үшінші жақтарға келтірілген залал үшін жауапкершілікті көтереді.

12.7. Тарату қолданылып жүрген заңдарда көзделген тәртіппен жүзеге асады.

13. Серіктестіктің жалғыз қатысушысының қолы

Жалғыз қатысушы:

«QAZ STROY STANDART» ЖШС
Тургамбаев Канат Сламбекович



Прошито, пронумеровано и скреплено

печатью 18 (*Восемнадцать*) лист(ов)

Подпись _____

